

# Қарымды қалам иесі



**Ф.Боранбаев атындағы кинотеатрда қалалық ардагерлер көңесінің үйымдастыруымен журналист А.Е.Айтмагамбетовпен кездесу кеші өткізілді.**

Арыстан Есмұхамбетұлы еңірдің акларат саласының оркендегіне зор үлес қосып келе жатқан жаңының бірі. Кезіндеге қалалық - апталық «Торғай» газетінен Ахметхан Байжан, Майра Шекен сынды белгілі журналисттерден талім алған, кейін жаңадан ашылған «Арқалық хабары» газетінің қадамсызың қарыштауына айрықша еңбек сінірді. Қос басылымның да директор - бас редакторы болды. Қалам үстеган жастарға үнемі қамырлық жасады. Соның бір айғағындақ қаладагы қосымша білім беру орталығына қарасты «Салем» жас тілшілер үйімдесінің қанатын көнге жақынша мүмкіндік тұтынды.

- Қалалық ардагерлер үйімі жаңынан құрылған «Ана - дария», «Қазыналы қариялар» мектептеріндең көптеген ізгі істерге мұрындық болып келеді. Қазір «Ана - дария» мектебі Республикалық деңгейге жетіп, «Аналар көңесі» атты тұтынды көтерілді. Бұтінгі іс - шаралымыз «Қазыналы қариялар» мектебінің жоспары бойынша етіл отыр.

«Арбаның алдыңғы деңгелегі қайда жүрсе, соңғы деңгелегі сонда жүреді» - деген Ага бұйнның ізін лайықты жалғастырып келе жатқан орта бұйн екіндері де аз емес. Солардың бірі - осы кездесу кешіміздің иесі Арыстан Есмұхамбетұлы, - деді кешті тұшымды етіп жүргізген қалалық ардагерлер көңесінің төрагасы Жәнібек Рапбасулы.

Бұтінде қалам үстеган жастардың, ақылшысына айналған азамат балалық шағында үшкіш болуды армандаған екен. Ол журналисттер отбасында дүниеге келген. Экесі Есмұхамбет Айтмагамбетов республикага танымал қалам иесі болған.

«Бала кезінде ата - азаматтар бата жина» дайтін. Улкендерден бата алуға тырысатыныбыз. Осындағы дәрежеге жетуімді сол жинаған баталағымның арқасы деп білемін», - дейді Арыстан Есмұхамбетұлы ағынан актартылғанда.

Қаламы қарымды журналист Арыстан Айтмагамбетовтің макалалары облыстық байқауларда 3 рет женимпаз атанған. «Касіпкерлік» - жаңа мүмкіндіктөр (2010 ж), «Қуатты қазақстанды бірге құрамыз» (2011 ж), «Ұлт бірлігі» атальмы (2013 ж).

«Қазақстан Республикасының тауелсіздігіне - 20 жыл» мерекелік медалымен, облыс акимінің грамотасымен (2 марта) марапатталған. 2015 жылы «Арқалық қаласының жыл адамы» атанды. Қазіргі таңда қалалық саялау комиссиясының төрагасы және қалалық қоғамдық көңестің төрагасы болып қызмет жасайды.

Кездесу кешінде «Nur Otap» партиясы Арқалық қалалық филиалы төрагасының бірінші орынбасары Сабыржан Тасмаганбет, Арқалық қаласының күрметті азаматтары: Қеки Ақан, Хамит Досжан, Жумагали Өмірбек, Шептібай Байділдин, жұбайы Сәуле Айтмагамбетова және артестері сез алған, кеш иесі жайлы парасатты ойтолғандарын ортага салды.

Тәгілымды кешке қалалық мадениет сарайы қолдау көрсетті.

Мұрат ЖУНИСУЛЫ